

2024-2025 оқу жылындағы № 57 орта мектеп білім алушыларын
тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша
желтоқсан айында жүргізілген жұмыстар

АНЫҚТАМАСЫ

Бракеражды комиссия мүшелері оқушыларды сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін асхана жұмысына мамыр айында кезекті мониторинг жүргізді.

Мониторинг жүргізу барысында: асханада бекітілген төрт апталық, күнделікті ас мәзірі бар, қол қойылған, мөр басылған. Дайындалған тағамдар мәзірге сәйкес келеді. Желтоқсан айында ыстық тамақпен бастауыш сынып оқушылары 100%, аз қамтылған отбасылардан 21 оқушы қамтылды. Оның ішінде:


- 1-4 сыныптардан - 896 оқушы;
- 5-9 сыныптардан - 56 оқушы;
- 10-11 сыныптардан - 6 оқушы;
- Барлығы: 958 оқушы қамтылды.

Желтоқсан айындағы тексерісте азық-түліктердің мерзімдерінің жарамдылығы, тәуліктік норма тағамдарының сақталуы мен мерзімінің көрсетілуі тексеріліп, дайын тамақтың шығу нормасы мен олардың сапасына көңіл аударылды. Мектеп асханасындағы тағамдардың сапасы мен асхана стандарттарын, азық-түліктің дұрыс сақталуын тексеріп, тамақтану орындарының жай-күйімен танысты. Комиссия мүшелері санитарлық ережелердің сақталуын, бағалар мен тиісті құжаттамаларды тексеріп шықты.

Асхана құжаттамасы талапқа сай: дайын тамақ сапасын бақылау журналы, жұмысшылар денсаулығының журналы, санитарлық кітапшалары бар, мерзімдері ұзартылған.

Буфеттегі тағамдардың бағалары бекітілген прейскурантқа сай көрсетілген. Буфеттегі тағамдар түрі көбейтілген. Тамақтану үстелдеріне қасық, шанышқы салатын арнайы ыдыстар қойылған. Жуылған ыдыстардың беті жабық, арнайы сөреде жиналады.

Мектеп медбикесі күнделікті асхана тамағының сапасын, құрамын, мөлшерін тексеріп отырады. Асханада шағымдар мен ескертулер журналы қойылған. Кез келген асханаға келуші өз пікірін білдіруіне болады.



Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп асханасын
Бракеражды комиссияның желтоқсан айында тексеруінен суреттер

Әлеуметтік педагог:

ДТІЖО:

Сиқымбай. А
Молбаева Г.К.
Аманкулова М.А.